

Ауылдық жерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларындағы мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы N 66 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде N 3214 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы N 33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 10.02.2016 N 33 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 238-бабының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларындағы мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Аудандық бюджет қаржысы есебінен қала жағдайында қызметтің осы түрімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар аудандық бюджеттің қаржысынан қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының Тізбесін айқындау жөнінде" (мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2008 жылғы 27 маусымда № 13-7-86 тіркелді, аудандық "Ауыл арайы" және "Сельская новь" газеттерінде 2008 жылғы 11 шілдеде жарияланды) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы № 199 қаулысы;

2) "Аудандық бюджет қаржысы есебінен қала жағдайында қызметтің осы түрімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен

тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар аудандық бюджеттің қаржысынан қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының Тізбесін айқындау жөніндегі" аудан әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы № 199 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" (мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2011 жылғы 3 қарашада № 13-7-162 тіркелді, аудандық "Ауыл арайы" және "Сельская новь" газеттерінде 2011 жылғы 26 қазанда жарияланды) Жамбыл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 05 қазандағы № 231 қаулысы.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының әкімі*

*"КЕЛІСІЛГЕН"
Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл аудандық мәслихаттың
хатшысы
2015 жылдың 13 наурызы*

И. Турков

Б. Ә. Мұсабаев

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 66 қаулысына қосымша

Ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілер болып табылатын денсаулық сақтау саласында, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың басшылары;
 - 2) мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындарды басшыларының (оның ішінде бірінші) орынбасары;
 - 3) бөлімше, зертхана басшысы;
 - 4) барлық мамандықтардың дәрігерлері;
 - 5) акушер;
 - 6) диеталық медбике;
 - 7) тіс дәрігері;
 - 8) тіс технигі;
 - 9) барлық мамандықтардың медбикесі;
 - 10) медициналық статисші;

- 11) медициналық зертханашы;
 - 12) провизор;
 - 13) психолог;
 - 14) әлеуметтік жұмыс бойынша маман;
 - 15) рентгентлаборанты;
 - 16) мамандандырылған медбике;
 - 17) медбикенің көмекшісі;
 - 18) фармацевт;
 - 19) фельдшер (зертханашы);
 - 20) кітапханашы;
 - 21) дәріхана менгерушісі;
 - 22) мемлекеттік санитарлық- эпидемиологиялық сараптама орталығының бас дәрігері;
 - 23) дәрігер-бактериолог;
 - 24) дәрігер-паразитолог;
 - 25) лаборант-бактериолог;
 - 26) лаборант- паразитолог;
 - 27) дезинфектор.
2. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:
- 1) барлық мамандықтардың дәрігерлері ;
 - 2) медбике;
 - 3) мұғалім;
 - 4) тәрбиеші;
 - 5) психолог;
 - 6) емдік дене шыңықтыру бойынша нұсқаушы;
 - 7) еңбек бойынша нұсқаушы;
 - 8) әлеуметтік жұмыс бойынша маман;
 - 9) мәдени ұйымдастырушы.
3. Білім беру мамандарының лауазымдары:
- 1) мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың басшылары;
 - 2) мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындары басшыларының (оның ішінде бірінші) орынбасары, оның ішінде мектепке дейінгі мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындар;
 - 3) мұғалім;
 - 4) социолог;
 - 5) психолог;
 - 6) оқытушы;
 - 7) тәрбиеші;
 - 8) музика жетекшісі;

- 9) нұсқаушы;
- 10) мәдени үйымдастырушы;
- 11) әдістемелік кабинетінің басшысы;
- 12) әдіскер;
- 13) шебер;
- 14) сүйемелдеуші;
- 15) концертмейстер;
- 16) үйірме жетекшісі;
- 17) медбике;
- 18) диеталық медбике;
- 19) кітапханашы;
- 20) библиограф;
- 21) жетекші;
- 22) инспектор;
- 23) шеберхананың, психолог- педагогикалық түзету кабинетінің, интернаттың, кітапхананың менгерушісі;
- 24) дәрігер;
- 25) сурдопедагог;
- 26) тифлопедагог;
- 27) көркемдік жетекші;
- 28) балетмейстер;
- 29) хормейстер;
- 30) хореограф;
- 31) жаттықтырушы;
- 32) барлық атаудың суретшілері;
- 33) оқу бөлімінің хатшысы;
- 34) зертханашы.

4. Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:

- 1) үйымның директоры, басшысы, бастығы;
- 2) бөлімше басшысы;
- 3) бастықтың, басшының, директордың орынбасары;
- 4) қор- қоймасының, бөлімнің, сектордың менгерушісі;
- 5) сектор басшысы;
- 6) суретші- көркемдеуші, суретші-реставрациялаушы, суретші- қоюшы;
- 7) видеооператор;
- 8) аға ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер;
- 9) мұражайдың бас сақтаушысы, қорлар сақтаушысы;
- 10) экскурсовод;

11) бақылаушы, мұражай бақылаушысы;

12) сақтау бойынша маман;

13) әдіскер, бас әдіскер, жетекші әдіскер.

5. Спорт саласында мамандардың лауазымы:

1) басшы, директор;

2) оқу жұмысы бойынша басшы, директордың орынбасары;

3) нұсқаушы, нұсқаушы - әдіскер;

4) дәрігер;

5) медициналық зертханашы;

6) медбике;

7) әдіскер;

8) психолог;

9) бас жаттықтырушы, жаттықтырушы.

7. Ветеринария саласында мамандарының лауазымдары:

1) ветеринариялық станция басшысы;

2) ветеринариялық станция басшысының орынбасары;

3) ветеринарлық дәрігер;

4) жануарларды ветеринарлық өндіреу бойынша оператор;

5) жануарларды және құстарды жасанды ұрықтандыру бойынша оператор;

6) ветеринарлық санитар;

7) зертханашы;

8) ветеринарлық фельдшер;

9) ветеринарлық технигі;

10) жануарларды жасанды ұрықтандыру бойынша технигі.